



Бородулиха ауданында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу

2-бет



«Жол патрульдік полициясы» қандай жағдайда жүргізушілік куәлікті алып қоюға құқылы?

3-бет



Қазақстанда барлық атом қалдықтары Семей полигонында көмілетін болады

8-бет

Аудан тынысы

№ 8 (517) ЖҰМА, 23 қаңтар 2015 жыл

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫН ТОЙЛАУ БОЙЫНША КЕҢ АУҚЫМДЫ НАУҚАНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

Адамзат тарихындағы ең қантөгісті соғыстағы кеңес халқының Ұлы жеңісінің 70 жылдығын атап өтетін жыл келіп жетті. Екінші дүниежүзілік соғыс отына 60 миллионнан астам адам күйді, олардың 26 миллионнан астамы – бұл КСРО азаматтары.

Жеңіске жету жолында елеулі үлесті біздің республикамыз да қосты. Қазақ КСР-нан майданға 1 миллион 200 мыңнан астам сарбаз аттанды. 400 мыңнан астам қазақстандық майданнан қайтып оралмады.

Естеріңізге сала кетейік, 2015 жыл ТМД мемлекеттері басшыларының шешімімен Ұлы Отан соғысы Ардагерлерінің жылы деп жарияланды.

Жеңіс күні қарсаңында «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры» АҚ Жеңістің 70 жылдығын тойлау бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру үшін шамамен 600 млн. теңге бөлді. Жұмыс шамамен 1,7 млн. адамды қамтитын елдегі ең ауқымды бірлестіктердің бірі болып табылатын «Қазақстан Республикасының Ардагерлері ұйымы» РҚБ бірге жүргізіледі.

«Самұрық-Қазына» АҚ соғыстың тарихынан, қазақстандықтардың Жеңіске қосқан үлесінен, батырлардың ерліктерінің сипаттамасынан және соғыс ардагерлері туралы ақпараттан тұратын бірыңғай ақпараттық ғаламтор-платформасының жасалуын қамтитын Жеңістің 70 жылдығын тойлау бойынша кең ауқымды науқан өткізеді.

Аталмыш ғаламтор-платформа негізінде ардагерлердің қажеттіліктеріне қаражат жинау бойынша қайырымдылық науқан өткізу жоспарланып отыр (мақсаттар мен мұқтаждықтар «Қазақстан Республикасының ардагерлері ұйымы» бірлестігімен бірге анықталады және келісіледі). Әрбір тілек білдіруші көмек мақсатын таңдап, қысқа нөмірге SMS жіберу немесе сайттың ұялы нұсқасы арқылы өзінің үлесін енгізе алады. «Самұрық-Қазына» қоры тарапынан осы науқан аясында ардагерлердің мұқтаждықтарына елеулі ақшалай салым жасалады.

Науқан аясында «Линия жизни» әлеуметтік бағдарламасының жүзеге асуы жалғасын табады. Оның мәні «дабыл түймелерін» сатып алып, шұғыл көмек жүйесіне барлық қазақстандық ардагерлер – Ұлы Отан соғысына қатысушыларды қосуға саяды. 2015 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Қазақстан Республ икасында Ұлы Отан соғысының 5083 қатысушысы тұрады. Әрбір соғыс ардагері ұялы құрылғы алады. Бұл шұғыл көмек жүйесінің тиімділігін әлдеқайда арттырады. Бұл жоба Ұлы Отан соғысының бір де бір ардагері назардан тыс қалмауы үшін құрылды. Науқан Қазақстанның барлық өңірлерінде өтеді.

Мұнан басқа, басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады: 9 мамыр күні ғаламтор-платформа барлық келушілерді бүкіл республика бойынша өтетін үнсіздік минутының басталғаны туралы хабарлайтын «Үнсіздік минуты» жалпыреспубликалық науқаны; «Еуразия» бірінші арнасының эфирінен арнаның өзі түсірген «Наша война» көпсериялы фильмінің көрсетілуі; Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған жалпы республикалық фотобайқау, сондай-ақ оқушылар арасындағы шығармалар байқаулары.

V ШАҚЫРЫЛҒАН БОРОДУЛИХА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ МЕН АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

V шақырылған Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының кезектен тыс XXIX сессиясы 2015 жылдың 26 қаңтарында сағат 10:00-де аудандық әкімдіктің (Тәуелсіздік к., 69) кіші мәжіліс залында өтеді.

Сессияның ұсынылатын күн тәртібі:

«Бородулиха ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 27-б-V шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы.

У. Майжанов,
аудандық мәслихат хатшысы

АУДАНДЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН СОТ ЖҰМЫСЫ ЖАЙЛЫ ЕСЕП БЕРДІ

Ағымдағы жылдың 13 қаңтарында Бородулиха аудандық сотының кіші залында Ішкі істер бөлімі, аудандық ішкі саясат бөлімі, кіріс басқармасының өкілдерінің қатысуымен Аудандық соттың төрағасы Д.Жексеменов 2014 жылғы істелінген жұмыстары бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Аудандық соттың төрағасы Даурен Зайнелканұлы Жексеменов баспасөз конференциясын ашып, 2014 жылы атқарылған сот жұмысы жайлы ақпарат берді.

Сот төрағасы сот жұмысы туралы айта отыра, бүгінгі таңда Бородулиха аудандық соты осы жылға дейін бес құрамды сот болғанын, 2015 жылдан бастап аудандық соттың құрамы төрт құрамды сот екенін айтып өтті. Осы уақытқа дейін істер мен арыздардың сот кеңсесіне келіп түсуі жылдан жылға өсіп келетінін атап өтті.

Әкімшілік іс бойынша 2014 жылы 944 материал түссе, оның ішінде 923 іс қаралған, ал 2013

жылы 876 материал түсіп, 815 іс қаралған болатын, яғни былтырғы жылы келіп түскен әкімшілік істердің көбеюін байқауға болады.

2014 жылы әкімшілік істер бойынша 6 сот актісі шағымдалған, 1 сот актісі күшін жойып, 1 әкімшілік іс апелляциялық сатыда қаралуда.

Ал 2013 жылы 18 сот актісі шағымдалып өзгертілгені және күші жойылған сот актілері орын алмаған. 2013 жылмен салыстырғанда шағымдалған істердің саны 12-ге төмендесе де, істерді қарау сапасы жақсарғанын айтты.

Қылмыстық іс бойынша 2014 жылы 104 қылмыстық іс келіп түссе, 96 қаралып, оның ішінде 57 үкім шығарылған, ал 31 қаулы шығарылып қысқартылған. 2013 жылы 169 қылмыстық іс түсіп, 123 қаралған, 42 үкім шығарылған, 76 істе қаулы шығарылып, қысқартылған.

Аталған талдау, Бородулиха ауданында қылмыс азайып, сотта істердің дені тараптардың бір ымыраға келуімен



қысқартылатынын көрсетеді.

Қылмыстық істер бойынша 8 сот актісі шағымдалып, оның ішінде 2 іс апелляциялық сатыда әлі қаралмаған, өзгертілген, күші жойылған сот актісі болмаған.

2013 жылмен салыстырғанда, 2014 жылы қылмыстық істерді қарау сапасы жақсарғанын көреміз.

Азаматтық іс бойынша 2014 жылы 758 арыз келіп түсті, 4 азаматтық іс, 705 арыз қаралды, оның ішінде бұйрық шығарумен 141, шешім шығарумен 395, қысқартылғаны – 48, оның ішінде бітімгершілік келісімі бойынша – 22, медиациямен – 15, қараусыз қалдырылғаны – 115 болған.

Ал 2013 жылы 756 арыз келіп түсті, 4 азаматтық іс, аяқталғаны – 664, бұйрық шығарумен 300, шешім шығарумен 267, қысқартылғаны - 24, оның ішінде бітімгершілік келісімі бойынша – 10, медиациямен – 2, қараусыз қалдырылғаны – 68 болған.

(жалғасы 2-ші бетте)

ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АНТ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты халық арасында түсіндіруге, халықтың діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизм мен терроризмнің профилактикасы, деструктивті, дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметінің алдын алуға бағытталған, 2013-2017 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бойынша мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында аудандық дін мәселелері бойынша ақпараттық-насихат тобы 2015 жылға жоспарланған жұмыс жоспарына сәйкес өз дәрістерін бастады. 16 қаңтарда ішкі саясат бөлімінің бөлімінің басшысы С.Г.Гальченко, аудандық «Қарбай» мешітінің бас имамы Ә.Қ.Әкімбатбаев, ішкі саясат бөлімінің бас маманы М.Жайдарбеков қатысқан алғашқы кездесу «Қазпошта» АҚ Бородулиха аудандық байланыс торабы, «Қазақтелеком» АҚ Бороду-



лиха аудандық телекоммуникациялық өндірістік торабының қызметкерлерімен өткізілді. Кездесуді ішкі саясат бөлімінің басшысы С.Г.Гальченко ашып, аудандағы, облыстағы, еліміздегі діни ахуалмен таныстырып өтті. Сондай-ақ кездесудің өзекті тақырыбына айналған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған дәріс оқыды. Украинадағы келенсіз оқиғаларға тоқталып, Франциядағы террорлық актілердің дін атын жамылған радикалды ұйымдардың әрекеттері туралы сөз қозғады.

Өз кезегінде сөз алған бас имам бүгінгі күнде өткізіліп жатқан «ақпараттық соғыс» туралы айтып өтті. Отандастарымызды, жастарды интернет желісі арқылы қарулы қақтығыстар өтіп жатқан Сирия жеріне алдау жолымен шақырып жатқан интернет желілерінен сақ болуды атап айтты. Құран Кәрімде біреуді өлтіріңдер, соғысқа аттаныңдар деген аяттың, хадистің жоқтығын ескертті. Қазақ халқының ежелден ұстанып келе жатқан жолы «Абу Ханифа» мазхабы екендігін тілге тиек етті.

(жалғасы 2-ші бетте)

АУДАНДЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН СОТ ЖҰМЫСЫ ЖАЙЛЫ ЕСЕП БЕРДІ

(Басы 1-ші бетте)

2014 жылы азаматтық істер бойынша 30 сот актісі шағымдалған, оның ішінде 7 іс апелляциялық сатыда әлі қаралмаған, күшінде қалғаны – 17, күші жойылғаны – 4 (ұйғарым), өзгертілгені – 2 (1 шешім және 1 ұйғарым), жалпы шағымдалған сот актілерінің 20 % құрайды.

2013 жылы 32 сот актісі шағымдалып, апелляциялық сатыда өзгертілгені – 3 шешім, 4 ұйғарым және 2 шешім күшін жойды, шағымдалған сот актілерінің 28 % құрайды.

2013 жылмен салыстырғанда, азаматтық істер бойынша 2014 жылы төрелікті атқару жалпы шағымдалған актілердің жалпы санынан 7 пайызға жақсарғанын көреміз. Бородулиха аудандық сотының мұрағатына келетін болсақ 1993 жылдан бастап 2014 жылға дейінгі істер сақталған.

2014 жылдың қыркүйек айынан бастап жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттар мен мақалалар мемлекеттік тілде жарық көреді, ай сайын «Әділет хабаршысы», «Судебная хроника» айдарымен атты парағы газетімізде шығарылып тұрады. Бұл газетте Бородулиха аудандық сотының қызметі туралы ақпараттар, заң саласындағы, «Сот залынан» атты мақалалар орын алған.

Апта сайын азаматтық істер мен қылмыстық істерді қарау барысында



процессуалдық мерзімдері сақталады.

Соттың кеңсе мамандарымен апта сайын жұма күні қаралған істердің толық мәліметі қамтылған анықтама дайындалады.

Бородулиха аудандық сотында жаңа ақпараттық технологиялар жүйелі түрде енгізілуде. Атап айтқанда, SMS-хабарлаулар, электронды шақыру қағазы, Электронды үкім порталы, «Сот кабинеті», Электронды бақылау үкіметі. Осы аталған жаңа технологиялар азаматтардың игілігі үшін енгізілген.

Бородулиха аудандық сотының ресми сайтында күн сайын соттың жұмысы туралы ақпараттар, мекеме мамандарының мақалалары, «Сот залынан» қысқаша мәліметтер, талап арыздардың үлгілері және т.т. орналастырылады.

2014 жылы 2 ашық есік күні, 6 баспасөз конференциясы, 4 – брифинг, 15 – дөңгелек үстел, орыс тілінде 107 мақала жарық көрді.

Сот төрағасы аудан жұртшылығымен 5 кездесу өткізіп, сондай-ақ, азаматтарды қабылдау, күн сайын жүргізіледі. Айта берсек атқарылып жатқан істер өте көп.

Т. ҚАЛИБАЕВ

ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АНТ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

(Басы 1-ші бетте)

Жастардың «джихад» деп жанталасып жүргендері жаңсақ пікір екендігін, ең үлкен джихад ол өзінің нәпсіңмен күресу екендігін қадап айтты. Ислам мемлекеті, Халифат құрдық дегеннің барлығының астарында саясат жатыр. Ол жерде діннің жанашырлары аз екендігін, барлығының көксергені ақша, мұнай, билік екендігін айтты. Имамды тыңдамай, азанға құлақ түрмей, намазды дұрыс оқымай, көркем мінезден ада, зекіп, өктем сөйлеуді әдетке айналдырған «саләфиттердің», Пәкістан елінің дәстүрі мен киім-кешегін насихаттап жүрген «Таблиғи джамағат» ұйымының қызметін де сынга алып өтті. Дәйекті, дұрыс, оң ақпаратқа қаныққысы келетін азаматтарға Семей мешітінің, Муфтиаттың интернеттегі сілтемелерін естеріне салып, адасқан секталардың қармағына түсіп қалмауды ескертті. Ислам-ғылым. Өткен замандардың



ойшылдары, көрнекті жазушылары мен зиялыларының Геге, Л.Толстойлардың исламды қабылдағаны да исламның ғылым екенін мойындағанының белгісі. Кездесу барысында қатысушыларға «Деструктивті секталардың сипат-белгілері», «Сақ бол! Секталар» «Осторожно!Секта» парақшалары таратылды.

Ішкі саясат бөлімі

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОРОДУЛИХА АУДАНЫНДА КАРАНТИН РЕЖИМІН ЕНГІЗЕ ОТЫ- РЫП, КАРАНТИН АЙМАҒЫН БЕЛГІЛЕУ

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1 бабының, 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 03/76, 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 03/91, табылған карантиндік арамшөп жатаған у кекіренін оқшаулау және жою туралы ұсынымы негізінде.

Бородулиха ауданы бойынша Белағаш, Бақы, Ленин, Новошұльба, Красный Яр ауылдық округтеріне карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеген. Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің қаулысының

орындалу мақсатында Бородулиха аудандық аумақтық инспекциясы хабардар етеді.

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 14 бабының, 2 тармағына байланысты:

Карантинді аймақтарда карантинді объектілер залалдаған карантинге жатқызылған өнімді әкетуге тыйым салады немесе шектеу енгізеді, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылады.

Карантинге жатқызылған өнім (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) (бұдан әрі - карантинге жатқызылған өнім) - карантинді объектілерді (карантинді зиянды организмдерді) тасығыштар болуы және (немесе) олардың таралуына әсер етуі мүмкін, карантинге жатқызылған өнім тізбесіне енгізілген

АНА ТІЛ - АСЫЛ ҚАЗЫНА!

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет» деп атап көрсеткен болатын. Тіл тағдырын толғану - әрбір қазақстандықтың абыройлы борышы. Қытайдың атақты философы Конфуций айтқан екен: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді (түсіндірілмейді). Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды».

А. ҚАДЫРОВ, Мемлекеттік тілдегі
құжаттардың редакторы

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ ӨСУІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.12.2014 жылғы № 1309 «2015 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы» қаулысына сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлемдерін алушы азаматтардың зейнетақы төлемдерінің мөлшері алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерінен тоғыз пайызға арттырылды.

Қазақстан Республикасының 28.11.2014 жылғы № 259-V «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 11 бабына сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтарынан төменгі мөлшерлерде көрсеткіштер белгіленді:

**Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 1 982 теңге,
Ең төменгі зейнетақы мөлшері (2015 жылы тағайындалатын) – 23 692 теңге,**

Ең төменгі күн-көріс деңгейі (ЕТККД) – 21 364 теңге,

Базалық зейнетақы төлемі – 11 182 теңге,

Ең төменгі еңбекақының мөлшері – 21 364 теңге.

2015 жылы тағайындалатын зейнетақыны есептеу үшін алынатын ең жоғарғы табыстың мөлшері 81 262 теңгені құрайтын болады (41 АЕК).

2015 жылы тағайындалатын зейнетақының ең жоғарғы мөлшері 60 947 теңгені құрайтын болады (41 АЕК-тің 75 %).

Заңның 11 бабына сәйкес:

•Базалық зейнетақылық төлемнің мөлшері ең төменгі күн-көріс деңгейінің өзгеруіне байланысты артты;

•Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күн-көріс деңгейінің өзгеруіне байланысты артты немесе орташа есеппен 7 %;

•№1 тізім және №2 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың мөлшері, бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақылардың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты артты немесе орташа есеппен 7 %;

•2015 жылдың 1 қаңтарынан арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және арттыру 1 982 теңге сомасындағы айлық есептіш көрсеткіш мөлшерінен есептелінеді;

•2015 жылдың 1 қаңтарынан мүгедек баланы тәрбиелеушілерге жәрдемақыларды тағайындау және арттыру 1,05*Ең төменгі еңбекақының мөлшерінен есептелінеді және 22 433 теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 1308 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап арттыру туралы» қаулысына сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтары қарсаңына еңбек ету қабілетінен айрылған және асыраушысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлем алушы болып табылатын алушылардың әлеуметтік төлемдері 7 %-ға артты.

Қазақстан Республикасының 28.11.2014 жылғы № 259-V «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 11 бабына сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтарынан Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін ең төменгі мөлшерде әлеуметтік төлем алушы алушылардың төлемдерінің мөлшері айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты артты.

Бородулихинское РОГЦВП

және оларға қатысты карантиндік шаралар қабылдау қажет болатын өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, ыдыс, орам, жүктер, топырақ, организмдер немесе материалдар болып табылады.

Карантинге жатқызылған өнімді карантиндік аймақтан Бородулиха аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік карантині жөніндегі инспекторы бас маманының рұқсатынсыз шығаруға тыйым салынады.

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңын бұзған жеке және заңды тұлғалар әкімшілік жауапқа тартылады жеке тұлғалар 20 АЕК, кіші кәсіпкерлерге, комерциялық емес ұйымдарға 30 АЕК, орташа кәсіпкерлерге 40 АЕК, ірі кәсіпкерлерге 100 АЕК айыппұл салынады.

Н. АХМЕТЖАНОВ, аудандық өсімдіктер
карантині жөніндегі мемлекеттік
инспекторы, бас маман

АНДРЕЕВКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Андреевка ауылдық округі әкімі аппаратының жұмысының басты бағыт бағдары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауларын іске асыру болып табылады. Округ тұрғындарымен кезекті кездесуде бір шағым түсті, Абай Құнанбайұлы мен Гагарин көшелерінде электр жарығының қуаты төмендігі туралы. Бұл шағым бойынша жұмыс жүргізіліп, түсініктеме берілді.

Округ аумағында 2 елді мекен орналасқан: Михайличенково және Петроградское ауылдары, жалпы тұрғындар саны 726 адам.

Ауылдық округтің экономикалық аграрлық бөлімінде 1 ЖШС, 1 ЖС, 1 фермерлік шаруашылық және 3 шаруа қожалықтары тіркелген, 2014 жылы 2 шаруа қожалығы «Ассорти-2» ЖС шаруа қожалығының құрамына кірді. Шаруа қожалықтарының басты қызметі ауыл шаруашылық өнімін өсіру мен өткізу болып табылады. 2014 жылы егістік алқабы 9195 га құрады, оның ішінде 4588 га бидай, 4468 га арпа, 175 га сұлы, 157 га қарақұмық, 2291 га күнбағыс, 439 га жүгері. Орташа ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығы: дәнді дақылдар 10 ц/га, күнбағыс 9,2 ц/га.

«Новая Заря» ЖШС шаруа қожалығы асыл тұқымды мал шаруашылығы мәртебесіне ие, етті ірі қара мал өсіру бағытымен шұғылданады (қазақтың ақ бас сиыры) - 45 бас және сүтті ірі қара малдары (семеңталдық) - 1051 бас, жылқы - 125 бас. Шаруа қожалығы 97 тонна ет, 832 тонна сүт өндірді. 2014 жылы сүт-тауарлық фермасының құрылысы аяқталды, 2015 жылы асыл тұқымды ірі қара малы мен қондырғылар сатып алу жоспарланып отыр.

Округ аумағында 217 аула, оның ішінде 163 аула жеке меншік мал ұстаушылар. Жеке меншік мал шаруашылықтарында: ірі қара-531, оның ішінде сиыр-245, қой - 847 бас, ешкі-270 бас, жылқы -152 бас, шошқа -124, құс-2806, қоян – 270, бал аралары-37. Жеке меншік мал ұстаушылармен 133,7 тонна ет, 1083,8 тонна сүт және 507544 дана жұмыртқа өндірілді. Округ аумағында тұрғындардан сүт қабылдау ұйымдастырылған, сүтті

ЖШС «Новая Заря» шаруа қожалығы қабылдап, одан әрі «Сүт» АҚ ЖШС «Шығыс сүтке» өткізеді.

Жеке кәсіпкерлікте 4 дүкен, 1 дәріхана тіркелген.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мен абаттандыру саласы бойынша – ауыл ішілік ауыз су құбырын тарту жұмыстары аяқталды, ауыз су құбырына 74 жеке тұрғын үй, шағын орталық, ауылдық клуб, мектеп, ЖШС «Новая Заря» шаруа қожалығы кенесі қосылды, бұл мақсатқа мемлекет тарапынан 2014 жылы 4 млн. 953 мың теңге қаражат бөлінді.

Көше жарықтандыруы бойынша 1 млн. 216 мың теңге, жаппай қоқыс төгуден және тұрмыстық қоқыс қалдықтарын жинау жұмыстарына 215 мың теңге бөлінді. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ЖШС «Новая Заря» шаруа қожалығы Жеңіс саябағына көшеттер отырғызу іс-шараларына 60 мың теңге қаражат бөлді.

Округ аумағында 1 мектеп, 1 шағын орталық жұмыс істейді.

2015 жылдың 1 қаңтарында 95 оқушы білім алуда және мектеп алды даярлық сыныбында 11 бала тәрбиленуде. Мектеп ұжымында 22 ұстаз, 15 қызметкер жұмыс істеуде. Мектеп ұстаздар қауымымен 100% қамтамасыз етілген. Оқушылардың мектеп асханасынан ыстық тағам ішуге мүмкіндіктері бар. Оның ішінде: жалпыға міндетті оқу қорынан 30 оқушы, ЖК И.В. Шевченконың демеушілік қаражат көзінен - 32 оқушы және мектеп алды даярлық сыныбынан 11 оқушы, өз қаражаттарынан 33 оқушы.

ЖШС «Новая Заря» шаруа қожалығы жылда мектеп асхана қызметшісінің еңбек жалақысын төлеуді қолына алып, бұл мақсатқа 423 мың 700 теңге жұмсалды. ҰБТ қортындысы бойынша орташа балл 75,3, 2013 жылмен салыстырғанда 28,3 балл. Бородулиха қазақ орта мектебіне 4 оқушы тасымалданады. Жыл сайын ЖШС «Новая Заря», «Ассорти» шаруа қожалықтары «Мектепке жол» акциясына қатысады. 2014 жылдың 1 қыркүйегінде көпбалалы, аз қамтылған 30 оқушы мектепке қажетті құрал –жабдықтармен жалпы құны 135 мың теңгеге қамтамасыз етілді. Округ аумағында 40 орындық шағын орталық жұмыс істейді, 30 бала тәлім-тәрбие алып, қазақ тілінде оқытылатын топ ашылды.

НОВОПОКРОВКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

ШҚО Бородулиха ауданы Новопокровка ауылдық округі әкімінің жұмысы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, ҚР Конституциясын, ҚР Президентінің Жарлықтарын, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын реттейтін Бородулиха ауданы әкімдігінің қаулыларын және басқа нормативтік-құқықтық актілерді іске асыруда құрылады.

Новопокровка ауылдық округіне 3 елді мекен кіреді, олар: Новопокровка, Сарноғай, Қарағайлы ауылдары. Ауылдық округ тұрғындарының саны тұрақты және 2955 адамды құрайды. Ауылдық округте 15-ке жуық ұлт өкілдері тұрады.

Округте 846 аула, оның ішінде 466 аула қосалқы шаруашылықпен айналысады. Мал басының саны 2015 жылдың 1 қаңтарына келесі сандарды құрайды: ірі қара – 1 927 бас, ұсақ мал - 4 528 бас, жылқы – 176 бас және шошқа – 435 бас.

Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында кәсіпкерлікті «құлттық экономиканың жетекші күші» деп белгіледі.

Новопокровка ауылдық округінде 1959 жылдан бастап мамандандырылған «Семейгидрогеология» ЖШС кәсіпорны қызмет етеді. Жұмысшыларының саны бүгінгі күні 138 адамды құрайды.

Округте ауыл тұрғындарына азық-түлік, өнеркәсіптік және шаруашылық тауарларының үлкен таңдауын ұсынатын 13 дүкен қызмет етеді. ЖК А.С. Хачатрян мен Д.Ж. Ибатуллиндердің наубайханалары нан өнімдерімен тек округ ауылдарын ғана емес, округке іргелес жатқан басқа да елді мекендерді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, округте

2 дәріхана, шаштараз, киім, көрпе-жастық тігу және жөндеу бойынша, аяқ киім тігу бойынша цехтар қызмет етеді. Округте барлығы 24 жеке кәсіпкер бар.

2014 жылы кәсіпкерлік саласында округ үшін ерекше 3 жана жоба іске асырылды, олар: қымыз өндіру және сату, қақталған бұйымдардың өндірісі және кафенің ашылуы.

Ағымдағы жылы «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында 8 адам несие алды. Алынған несиелердің жалпы сомасы 20 млн. 100 мың. теңгені құрайды.

Округ кәсіпкерлері ауыл өміріне белсене араласады, облыстық және аудандық жәрмеңкелер мен көрмелерге үнемі қатысып отырады.

Жыл сайын жылдың басында «Семейгидрогеология» ЖШС және «Лада», «Исток-2», «Лина», «Людмила», «Натали», «Ақ жайық» және «Слава» сияқты ірі шаруа қожалықтарымен меморандумдар жасалады. Жасалған меморандумдарға сәйкес бұл кәсіпорындар қысқы уақытта жолдарды тазалап, мемлекеттік, қоғамдық және спорттық ісшараларды өткізуде қаржылық көмек көрсетеді.

Ауылдық округ аймағында 2 орта мектеп бар: Новопокровка орта мектебі және мемлекеттік тілде оқытатын М. О. Әуезов атындағы орта мектебі. Екі мектепте 423 оқушы оқытылады.

Оқушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Аз қамтылған отбасыларынан 119 бала жалпы білім беру қоры есебінен тамақтанады. М. Әуезов атындағы орта мектебінде 25 балаға арналған «Айгөлек» шағын орталығы бар.

Новопокровка ауылында АДА және Сарноғай ауылында ФАП қызмет етеді. Дәрігерлік амбулатория үшін жедел жәрдем автокөлігі сатып алынды.

Ауылдық клуб ғимаратында спорт алаңы бар, онда аптасына 5 күн волейбол, үстел теннисі мен шағын футболдан дайындық жүргізіледі. Жазғы мезгілде спорттық іс-шаралар стадионда өткізіледі. Барлық спорттық іс-шараларға шаруа қожалықтары қаржылай көмек береді.

Михайличенково ауылында 1 дәріхана, 1 ФАП ауыл тұрғындарына қызмет етеді. Өткен жылғы көрсеткіш бойынша ана мен бала өлімі мен туберкулез науқастары тіркелмеген.

Округ аумағында әлеуметтік аз қамтылған тұрғындарға көп көңіл бөлінеді. Округ аумағында 79 зейнеткер, 1-2 топтағы 5 мүгедек, 13 адам 3 топтағы мүгедектер болса, оның ішінде 9 жұмыспен қамтылған, 1 адам Ұлы Отан соғысының ардагері, 9 адам тыл еңбеккері.

Жұмысқа тұруға өтініш бергендер саны 14 адам, жұмысқа орналасқандар деңгейі 64 пайызды құрады. «Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша жастар тәжірибесіне 2 адам жіберіліп, 1 адам аспазшы мамандығына қайта даярлық курсына жіберілді. Өткен жылы 18 жаңа жұмыс орны ашылды. 2015 жылдың 1 қаңтарында 1 жұмыссыз адам тіркеліп, өткен жылы 6 адам қоғамдық жұмысқа тартылды. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының екінші бағыты «ауылда кәсіпкерлікті дамыту» бойынша 3 млн.теңгеге ірі қара мал өсіру үшін несие беріліп, 15 бас ірі қара малы алынды. 2014 жылы әлеуметтік қызметкерлер жұмыс орны ашылып 10 жалғызбасты зейнеткер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетуде. ЖШС «Новая Заря» шаруа қожалығының күшімен Ұлы Отан соғысы ардагері А.И. Близнетің үйіне жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Бюджеттік қаражаттың кіріс және шығысын орындау барысы бойынша Андреевка ауылдық округі әкімшілік аппараттың қаражаты 100 пайызға игерілді. Мүлік салығы – 19,2 мың теңге, жер салығы – 49,0 мың теңге, көлік салығы 770 мың теңге көлемінде жиналды.

Қоғамдық қауіпсіздік – 2014 жылы учаскелік полиция инспекторымен тұрғындар арасында атаулы іс-шаралар өткізіліп, қоғамдық орындарда қылмыстың алдын алу, есепте тұрғандармен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, 2 адам маскүнемдіктен емделетін емдеу-профилактикалық орындарына жіберіліп, 1 адам есірткі заттар сақтағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі – есептік кезеңде әкім аппаратына жеке және заңды тұлғалардан 21 шағым түсіп, әр сауал бойынша шешім шығарылып немесе күзіретті мекемелерге жіберілді. Тұрғындармен іс-шаралар өткізуге ардагерлер, әйелдер мен қоғамдық кеңес мүшелері үлкен қолдау көрсетеді. Ауылдық округ аумағында «Нұр Отан» партиясы мен аппараттық-насихаттау тобы Елбасы, Үкімет саясатының бағдарламасын іске асыруда.

Округте 235 нөмірге арналған телефон байланыс торабы орналасқан, оның 7 нөмірі сымсыз байланыс қондырғылары. Округ аумағында «Мегалайн» ғаламтör желісі жүргізілген.

Бүгінгі күннің басты мәселесі – ұялы байланыс жүйесінің болмауы.

Б. КУЛАКОВ, Андреевка а/о әкімі

2012 жылдан бастап округте ОТАУ TV мемлекеттік жер серіктік теледидар құру жұмыстары жүргізілуде.

2014 жылы Новопокровка ауылдық округі бойынша салық түсімдері келесідей жиналды: жер салығы – 172 000 теңге, ол 110 % құрайды, мүлік салығы – 179 000 теңге 206 % құрайды, көлік салығы – 3 261 000 теңге 103 % құрайды.

Жалғыз басты зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандар шетте қалмады. Ауылдық округте 7 әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істейді, олардың екеуі мүмкіндіктері шектеулі 12 балаға қызмет көрсетеді, бесеуі жалғыз басты 25 зейнеткерге қызмет көрсетеді.

Округте мемлекеттік тілді дамыту, енгізу және пайдалану бойынша жұмыс жүргізіледі.

2014 жылдың қарашасында Новопокровка ауылының әкімдігінде көшелердің атауын өзгерту бойынша жиналыс өткізілді. Жиналыс нәтижесінде Советская көшесі Тәуелсіздік (Независимости) көшесіне, ал Семилетка көшесі Аманова көшесіне өзгертіледі деген шешім қабылданды.

Барлық мәдени іс-шаралар мекемелердің, жеке кәсіпкерлердің және қоғамдық ұйымдардың қатысуларымен ұйымдастырылады.

Округте 1 қазанда қарттар мен мүгедектер күніне арналған іс-шара өткізілді. Үйден шығуға мүмкіндіктері жоқ тоғыз округ тұрғыны округ әкімінен шағын сыйлықтар алды.

Ауылдық клубқа күрделі жөндеу жұмысы жасалды. Өткен 2014 жылдың 31 желтоқсанында ауылдық клуб Новопокровка ауылының тұрғындары үшін өз есігін ашты.

Біздің ауылдық округ жыл сайынғы жергілікті мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық жағдайды жақсарту бойынша сенбіліктерге белсенді қатысады. Сенбілік уақытында жеке үйлердің жанындағы қоқыстан аймақты тазарту жүргізіледі. Округтің әр бір көшесі қоқысты шығару үшін техника ұсынатын шаруашылық субъектілеріне тіркелген.

Ел басының тапсырмасына сәйкес салауатты өмір салты ұлт денсаулығына кілт болып табылады. Округтің спортшылары түрлі спорт ойындары бойынша көптеген жарыстарға қатысады. Ауылдық округте «қазақша-күрес» бойынша жасөспірімдердің спорт мектебі қызмет етеді. Округте 14 млн. 100 мың теңге сомасына шағын футбол алаңының құрылысы аяқталды.

Т. ЖАЙМҰХАМЕДОВ, Новопокровка а/о әкімі

ЖОЛ-ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯСЫ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖҮРГІЗУШІЛІК КУӘЛІКТІ АЛЫП ҚОЮҒА ҚҰҚЫЛЫ?

Жүргізушілік куәлігін алып қоюға негіз болатын жағдайлар:
1) 590-бап 4)

тармақ. Көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) бар көлік құралын басқару – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

2) 596-бап, 3) тармақ. Егер бұл жол жүрісі қағидаларында тыйым салынған жағдайларда жолдың жүру бөлігінің қарсы бағытта жүруге арналған жағына шығу – бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3) 606-бап, 1) тармақ. Жол жүрісіне қатысушының апаттық жағдай туғызуға әкеп соққан, яғни жол жүрісіне басқа да қатысушыларды жүру жылдамдығын, бағытын күрт өзгертуге мәжбүр етіп, жол жүрісі қағидаларын бұзуы...

(жалғасы 5-ші бетте)

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодексінде жол-патрулдік полициясы қызметкерінің қандай жағдайда жүргізушілік куәлікті алып қоюға құқылы екені нақтыланды.

Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полициясы комитетінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 795-бабында қандай жағдайларда жүргізушілік куәлікті алып қоюға болатыны нақты айтылған. Яғни, егер адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық үшін осы Кодексте көлік құралын басқару құқығынан айыру түрінде санкция көзделген жағдайда ғана көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігін алып қоюға жатады. Басқа жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылғаннан кейін көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігі тез арада иесіне қайтарылады.



Аудан тынысы 4 №8 (517) 23 қаңтар 2015 жыл

ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРУДЕ

ЖЕРНОВКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Жерновка ауылдық округінің аумағында 3 елді мекен орналасқан: Жерновка, Боровлянка, Пол-лог ауылдары.

2015 жылдың 1 қаңтарында округ тұрғындарының саны 1078 адам, оның ішінде Жерновка ауылында – 708 адам, Пол-лог ауылында – 180 адам, Боровлянка ауылында – 190 адам. 2014 жылы 13 бала дүниеге келді, 26 адам қайтыс болды.

Жұмыспен қамтылған тұрғындар саны: мемлекеттік ұйымдарда 262 адам, ауылшаруашылығы ұйымдарында 183 адам жұмыс істейді. 10 кәсіпкер, 268 адам өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер, барлығы 714 адам жұмыспен қамтылған.

Жерновка ауылдық округінің жер көлемі 43850 га. Оның ішінде шаруашылық субъектілердегі егістік 12528 га, орман қоры – 24000 га, қалған 7322 га жер жалпы пайдалануда: бақшалар, шабындықтар, құрылыс орындары, жайылымдар.

2015 жылғы 1 қаңтарда округтің мал шаруашылығы көрсеткіштері бойынша: сауын сиырдан - 1925 ц. – 1 сиырдан 3170 кг сүт алынды, 4634 центнер ет сатылды, 460 мың дана жұмыртқа алынды. 16 центнер жүн қырқылды. Округте ІҚМ - 1117 бас, оның ішінде 535 бас сиыр, 336 бас шошқа, 835 бас қой мен ешкі, 114 бас жылқы бар.

2014 жылы округте 267 млн. 536 мың теңгеге

ауылшаруашылық техникалары және жабдықтары сатып алынды.

Округ аумағында екі мектеп бар. Жерновка орта мектебінде 114 оқушы, мұғалімдер құрамы - 21 адам, Боровлянка ТОМ – 50 оқушы, мұғалімдер құрамы - 12 адам. Білім алатын оқушылар саны 100 % қамтиды.

Жерновка ауылында 2 медициналық мекеме бар: Жерновка ауылындағы ДА, Боровлянка ауылында - ФАП. 1 байланыс бөлімшесі үш ауылға қызмет көрсетеді.

Округте әр түрлі салалы 9 дүкен тұтынушыларды тағам өнімдерімен, шаруашылық тауарларымен, құрылыс материалдарымен қамтамасыз етеді.

Халықты әлеуметтік қолдау негізгі бағыттардың бірі болып саналады. 2014 жылы отбасының табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен, 18 жасқа толмаған балаларға арналған жәрдемақы алушылар 10 адамды құрады.

3 әлеуметтік жұмысшы - Паламарчук Татьяна Ивановна, Чайко Елена Валентиновна және Баданова Татьяна 11 жалғызбасты зейнеткерлердің үйінде көмек көрсетіп, зейнеткерлердің алғыстарына бөленуде, жұмыстарында кемшіліктер жоқ.

Әлеуметтік жауапкершілік шегінде ауылдық округ әкімдігімен ауылдық округ кәсіпкерлері және шаруа қожалықтарының басшылары меморандумға қол

қойды. Ауылдық округ әкімдігінде апта сайын негізгі тағам өнімдеріне баға мониторингі жүргізіледі.

Абаттандыру бойынша үлкен жұмыстар атқарылды, жаз айларында Жерновка, Пол-лог ауылдарының көшелері жөнделді. Қыс айларында бекітілген меморандумға сәйкес шаруашылық субъектілердің күшімен негізгі жолдар қардан тазартылады. Азаматтардың өтініштері бойынша бос жүрген 30 ит жойылды.

2014 жылы округ тұрғындарымен 7 жиын өткізілді.

Округ тұрғындарының, қоғамдық ұйымдардың, көркемөнерпаздар үйірмесінің, мектептердің, шаруа қожалықтары басшыларының, кәсіпкерлердің көмегімен мемлекеттік мерекелерді және атаулы күндерді атап өтуге арналған мәдени-бұқаралық және мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Қарттар және мүгедектер күнінде демеушілердің қолдауымен барлық мүмкіндігі шектеулі жандар мен қарттарға арнайы сыйлықтар таратылды.

Округ ауданда өткен іс-шараларға, Семей, Өскемен қалаларында және Бородулиха ауылында ұйымдыстырылған ауылшаруашылық жәрмеңкелерге белсене атсалысты.

2015 жылы әкімдіктің алдында үлкен міндет тұр.

1. Ауылды көркейту жұмыстары - жолдарды, шұңқырларды тегістеу, қыс айларында жолдарды қардан тазарту, 49 км жолды қалпына келтіру.
2. Жерновка ауылдарының Новая, Песчаная көшелерін жарықтандыру.
3. Ауылшаруашылық құрылымдардың басшыларымен жаңа техникаларды сатып алу.
4. Сауда орындарының аумағын заманауи дизайнмен көркемдеу.
5. «Жерновское» ЖШС көмегімен халыққа қызмет көрсетуге арналған мал сою алаңын ұйымдастыру.
6. Боровлянка, Пол-лог ауылдарының көрсеткіш белгілерін әзірлеу және дайындау.

В. ПОЗИГУНОВ, Жерновка а/о әкімі

КРАСНЫЙ ЯР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

«Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Красный Яр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жұмысы ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, облыс және аудан әкімдігінің қаулыларымен, және басқада нормативтік-құқықтық актілерді жүзеге асырудан тұрады.

Красный Яр ауылдық округіне 4 елді мекен кіреді: Красный Яр, Речное, Уба-Форпост және Девятка ауылы. 2015 жылдың 1 қаңтарындағы тұрғындар саны 736 адам. 2015 жылы 15 адам келді, 38 адам кетті, 11 бала туылды, 9 адам қайтыс болды.

Балық тұрғындар сандарының әлеуметтік-демографиялық құрамы мынандай: Жұмысшылар – 325 адам, өзін-өзі жұмыспен қамтушы -128 адам, зейнеткерлер – 128 адам, оқушылар – 106 адам, мектеп жасына дейінгі – 49 адам, еңбек биржасында есепте - 5 адам.

Ауыл шаруашылығы

Ауылдық округте ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және өткізетін 3 жай серіктестік, 10 шаруа қожалығы және «Агрофирма Девятка» ЖШС жұмыс істейді. Сонымен қатар округ аумағында «Лазарев» ЖШС – 298,7 га, «Сахновское» ЖШС – 584 га және «Целинное» ЖШС – 928 га, «Аубакиров» ШҚ – 143,5 га, «Алимжанов» ШҚ- 72 га жері бар. Оларға 21891,4 га жер бекітілген, оның ішінде 2679,3 га егістік жер. Округ бойынша 2014 жылы 4643 га бидай, орташа егін шығымдылығы 13,4 ц/га, арпа 2433 га орташа егін шығымдылығы 13,9 ц/га, , сұлы 1177 га орташа егін шығымдылығы 13,9 ц/га, қарақұмық 150 га, орташа егін шығымдылығы 12 ц/га, күнбағыс 6000 га, орташа егін шығымдылығы 8,9 ц/га, күздік қарабидай 120 га, орташа егін шығымдылығы 32,4ц/га күздік бидай 105 га, орташа егін шығымдылығы 36,2 ц/га егілді. Өткен 2013 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдардың алаңы 1932 га немесе 128,3%, ал күнбағыс 766 га немесе 114,8% өсті. Келешекте дәнді-дақылдар мен көп жылғы шөптің алаңын көбейту көзделуде.

Округ бойынша 01.01.2015 жылғы мал басы: ІҚМ 1149 бас, қойлар мен ешкілер –1477бас, шошқалар – 360 бас, жылқылар – 491 бас, құстар – 4198 дана. Мал басының динамикасы: ІҚМ, КҚМ, жылқы, шошқа өткен жылмен салыстырғанда 2-8 пайызға көбейді. Өндірілген мал шаруашылығы өнімдері: ет 265 тонна, сүт 637,3 тонна, өткен жылмен салыстырғанда сүт 102 % және ет 107,4 % өсті. Қатқыл жем-шөп жоспар бойынша дайындалып, орындалды, атап айтқанда тартылған шөп 2,9 мың тонна және шөп 5,03 тонна, тартылған шөп 900 тоннаға және шөп 230 тоннаға өсті.

Келешекте ауылшаруашылық мал басын көбейту үшін отбасылық фермер қожалығын жетілдіруді жоспарлаймыз.

2014 жылдың бірінші жарты жылдығында 57 млн. 280 мың теңгеге техника сатып алынды. Мемлекеттен егін шаруашылығына 29 млн. 149 мың теңге, мал шаруашылығына 8 млн. теңге субсидия бөлінді.

Шағын бизнес

Округ аумағында халыққа қажетті азық-түлік тағамдардың көп түрлерін сататын 4 дүкен жұмыс жасайды. Сонымен қатар дүкенсіз саудамен айналысатын төрт жеке кәсіпкер бар. Сондай-ақ, мал бағатын 3 кәсіпкер тіркелген.

Бюджет

Красный Яр ауылдық округі бойынша 2014 жылғы салық жиналымы: Жер салығы – 45953 теңге, мүлік салығы – 75432 теңге, көлік салығы – 1004263 теңге.

Округтің Красный Яр ауылында және Уба-Форпост ауылында 2 орта мектеп бар, онда 106 бала оқиды, ұжым мамандармен түгелдей толықтырылған, сонымен қатар Красный Яр ауылында 22 балаға шағын орталық жұмыс істейді.

Бюджеттік қаржының арқасында Речное және Девятка ауылдарынан балаларды тасып әкелу ұйымдастырылған. Мектепте балаларға арнап ыстық тамақ ұйымдастырылған, көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан 22 бала ата-аналар комитетінің шешімі бойынша, жалпыға міндетті оқу қорынан тегін тамақтандырылады.

Красный Яр орта мектебінің негізінде 13-14 маусым аралығында «Жас сұңқар» туристік ойыны өтті. Семинарға Бородулиха ауданының 25 мектебі қатысты.

Шілде айында Уба-Форпост орта мектебінде «Солнечный» жаздық сауықтандыру лагері ашылды, онда 81 бала дем алды. Жергілікті бюджеттен 8 млн. теңге бөлінді.

2014 жылғы мектеп бітірушілердің саны 10 адам, олардың ішінде 3 адам тестлеуден өтті. ҰБТ көрсеткіші 76,2. Мектептерде барлығы 29 мұғалім жұмыс істейді, оның ішінде жоғары санатты -2, бірінші санатты – 9, екінші – 9, санатсыз 8 адам.

Красный Яр және Речное ауылдарының тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді Красный Яр медициналық пункті атқарады, Уба –Форпост және Девятка ауылдарының тұрғындарына Новая Шульба ауылының аурухана бөлімі медициналық көмек көрсетеді.

2014 жылдың 1 жарты жылдығында бекітілген тізбеге сәйкес, кейбір медециналық қызмет көрсетулер мен медпрепараттар тұрғындарға тегін беріледі.

Медициналық пункт 2011 жылдың қыркүйек айынан осы күнге дейін уақытша ауыл клубында орналастырылды, «Қазақтелеком» АҚ ғимаратын сатып алу жоспарланған болатын, бірақта осы күнге дейін аукцион болған жоқ. Қазіргі уақытта ауылдық округ әкімінің аппараты осы мәселені шешу жолында жұмыс жүргізуде. Бала және ана өлімі жоқ, туберкулезбен 1 адам ауырды.

Көріктендіру бойынша екі айлық шеңберінде ауылдық округтің елді мекендердегі ауалар мен оған тиесілі жерлерге уақытында санитарлық тазартулар жүргізілді. Жеке меншік үйлердегі коқыстар сенбілік күндері коқыс жинайтын жерлерге «Красный Яр ш/к» ЖС техникаларымен тасылды. Округте 11 сенбілік өтті, оған 545 адам қатысты, 255 тн коқыс шығарылды, 182 қошет отырғызылды.

Ауданға қарасты автомобиль жолдарын қыста күтіп ұстауға аудан бюджетінен 347400 теңге бөлінді, Красный Яр ауылдық округі әкімінің аппараты ММ мемлекеттік сатып алу бойынша тендер өткізді және қорытындысы бойынша ЖК С.Н.Быковпен 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін шарт жасасты.

Ауданға қарасты автомобиль жолдарына ағымдағы жөндеу жұмысы және күтіп ұстау үшін Бородулиха ауданының автомобиль жолдары және ТҮКШ бөлімінен 3 млн. 150 мың теңге бөлінді (ұзындығы 6 км жол шұңқырларын жөндеу және ұзындығы 33 км Уба-Форпост – Ключика жолдарын тегістеу) .

Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершілік бизнесі

бойынша меморандумға сәйкес ауыл ішіндегі жолдарға жөндеу жұмысын жүргізуге және қыста күтіп ұстауға «Красный Яр ШҚ» ЖС 4000000 теңге қаржы жұмсады.

Мәдениет және спорт

Ауылдық округтің әкімдігімен бірлесе отырып салауатты өмір салты бойынша бағдарлама әзірленіп, жастардың бос уақытын тиімді өткізу кестесі жасалып, мектепте секциялар жұмыс жасайды, жақын маңдағы округтердің спортшыларымен бірлесе көптеген спорттық іс-шаралар, турнирлер өткізілді, онда біздің спортшыларымыз жақсы нәтижелер көрсетті. Аудандық сайыстарда біздің спортшыларымыз бірнеше мәрте жүлделі орындарға ие болды, мадақтамалармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Красный Яр ауылдық округінің командасы аудандық спартакиадада алтыншы орынға ие болды, өткен жылы бесінші орында болатын.

Ауыл клубында үш үйірме (театралдық, би, вокал үйірмесі) жұмыс істейді, мерекелік іс-шаралар, тематикалық кештер, концерттер, кон-курстар дискотека өткізіледі, мультфильмдер және көркем фильмдер көрсетіледі. Биылғы жылы аудандық маслихаттың депутаты С.Н.Быков ауылдық клубқа концерттік костюмдер сатып алуға 200000 теңге бөлді.

Биылғы жылы екі отбасы балалар жәрдемақысына рәсімделді, 18 зейнеткер тұрғын үй жәрдемақысын, 4 көпбалалы отбасы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алады. Қоғамдық жұмысқа 3 адам тартылды және бір әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді.

Бородулиха ауданы маслихатының депутаты, «Красный Яр ШҚ» ЖС басшысы әрбір жаңа туған балаға 150 мың теңгеден материалды көмек көрсетті, 2014 жылы жаңа туған балаларға және жас отбасыларына көрсеткен материалдық көмектің жалпы сомасы 1 млн. 200 мың теңге.

Бюджет қаржысынан тасқын суға қарсы барлық қажетті іс шаралар жүргізілді, атап айтқанда Уба өзенін жару және өзенге дейінгі жолды қардан тазалау жұмыстары жүргізілді. «Красный Яр ШҚ» ЖС арқасында Уба өзеніне күзет қойылып, округ аумағын, жыраларды, жолдарды қардан тазалау ұйымдастырылды.

2015 жылға біздің алға қойған міндетіміз

- 1.Ауыл шаруашылығында егін алқаптарының мөлшерінің азаюына жол бермеу, өнімділігі жоғары сорттарды енгізу, ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің агротехникасын жақсарту, жаңа техникалар мен технологияларды сатып алуға көмектесу, әсіресе малшаруашылығы өнімдерін өндейтін кәсіпорындарды құру жұмыстарын жалғастыру.
- 2.Барлық көздерден инвестицияларды тарту жұмыстарын жандандыру.
- 3.Ауылдардарды көгалдандыру, санитарлық тазалықта ұстау, жолдарды сапалы күтіп ұстау, жөндеу жұмыстарын жүргізу, ауыл көшелеріне қосымша шамдар орнату, аббаттандыру жұмыстарын жалғастыру.
- 4.Тұрғындарды жоғары дәрежелі денсаулықпен қамтамасыз ету, медицина қызметінің сапасын жоғарылату.
5. Жастарды тәрбиелеу және оқуларын әбден жетілдіру, оқушылардың білімдерінің деңгейін көтеру.
- 6.Тұрғындар арасында әсіресе жастар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу жұмыстарын жандандыра түсу.
- 7.Тұрғындардың санын және әлеуметтік тұрақтылықты сақтап қалу, ұдай өмір деңгейін көтеру, аз қамтылған тұрғындардың әлеуметтік қорғауын бекіту, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы азаматтарды жұмысқа тұрғызу.

Біз бұдан ары қарайда өзіміздің қызметіміздің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырамыз және әрбір тұрғынның әлауқатын жақсарту үшін Қазақстан Президентінің біздің алдымызға қойған міндеттерді біріге отырып атқарамыз.

Қойылған міндеттерді атқара отырып біз тұрғындардың атқарушы билікке деген сенімділігін арттырамыз, тұрғындардың және әлеуметтік саланың әл-ауқатын жақсартамыз.

Алдымызда өте үлкен, қауырт, қиын, бірақ барлығымызға қызықты жұмыс күтіп тұр. Осы жылдың бұданда жемісті және көлемді реформаны жүзеге асыру нәтижелі болады деп сенемін. Атқарушы биліктің жұмысының ортасында бұрынғыдай аз қамтылған отбасыларды қорғау, тұрғын үй-коммуналдық саланың жетілуі, жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау, инфрақұрылымдарды жетілдіру, саяси-қоғамдық тұрақтылықты сақтау мәселелері қалады.

Л. ЖҰБАНОВА, Красный Яр а/о әкімі

ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРУДЕ

ПЕРЕМЕНОВКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2013 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 615 Жарлығына сәйкес барлық деңгейдегі әкімдер халықпен есептік кездесулер өткізеді.

Переменовка ауылдық округіне 4 ауылдық елді мекен кіреді. Олар: Переменовка, Орловка, Андроновка, Ремки ауылдары.

Ауылдық округтің жалпы ауданы 39060 га, оның ішінде егістік жерлер-28700 га, егістік жер-7200 га, шабындық және басқа да жерлер-3160 га.

Округтегі халық саны 2208 адамды құрайды, соның ішінде Переменовка ауылында-809 адам, Орловка ауылында-829 адам, Ремки ауылында-120 адам, Андроновка ауылында - 447 адам.

2014 жылы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында 4 адам мал шаруашылығын өсіруге жалпы сомасы 12 млн теңге жеңілдік несие алды.

2014 жылы атаулы әлеуметтік көмек алатындар 16 адамды құрады, ал он сегіз жасқа толмағандарға берілетін жәрдем ақыны 7 отбасыдан 19 бала алды. 9 отбасына тұрғын-үй көмегі көрсетілді.

